



МҰҚРАЖ- ҚАЗАЛЫ

№15
(2186)
Сәрсенбі
21 ақпан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қазалы ауданында өткен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында ауданның жаңадан тағайындалған әкімі таныстырылды.

Алдымен аймақ басшысы ауданның бұрынғы әкімі Мұхтар Оразбаевтың еңбегін атап өтіп, алғыс білдірді.

«Мұхтар Әуесұлы Қазалыда 3 жылға жуық уақыт қызмет істеп, ауданның дамуына сүбелі үлес қосты. Өздеріңізге белгілі, халықтың өмір сүру сапасын арттыруда экономикалық өсім мен тұрақтылық маңызды. Сіздердің қолдауларыңызбен мұнда әлеуметтік-экономикалық дамудың оң динамикасы қалыптасты. Кейінгі жылдары құрылыс жұмыстары қарқын алып, тұрғындардың тұрмысын жақсартуға бағытталған нақты шаралар жүзеге асырылды. Өткен жылы 17377 га жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендігіне қарамастан, Қазалы жыл қорытындысымен өнімді өңдеу саласы бойынша «Озат аудан» атанды. Былтырғы жыл қорытындысымен негізгі капиталға салынған инве-

стиция көлемі 5,9 млрд. теңге, оның 50 пайызы жеке қаражат есебінен тартылған инвестицияны құрайды. Мұхтар Әуесұлының осы кезге дейін атқарған қызметіне алғысымды білдіремін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аудан дамуына қосқан үлесі үшін Мұхтар Оразбаевқа облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының «Құрмет грамотасы» табысталды.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Қазалы аудандық мәслихатының келісімдерімен, облыс әкімінің өкімімен Қазалы ауданының әкімі лауазымына Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы тағайындалды.

«Мейрамбек Зинабдинұлы – баршаңызға жақсы таныс білікті маман, тәжірибелі басшы. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалымен етене таныс, мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өтіп, басқарушылық лауазымдарда мол тәжірибе жинаған әлеуеті жоғары кадр. Бұған дейін аудан әкімі және екі өңірде облыс әкімінің орынбасары болып, өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде атқарды.

Мейрамбек Зинабдинұлы аудан әкімі ретінде Мемлекет басшысының тапсырмалары мен алға қойған міндеттерді орындауға, халық сенімі мен жауапкершілік жүгін көтеруге білім-білігі мен күш-жігерін арнайды, басталған игі бастамаларды одан әрі дамыту жолында аянбай еңбек етеді деп сенемін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Актив отырысында «РЗА» АҚ президенті Самұрат Имандосов, құрылыс саласының ардагері Өмірзақ Түктібаев, аудандық мәслихаттың депутаты Ибадулла Тілеп, облыстық мәслихаттың төрағасы Наурызбай Байқадамов Мұхтар Оразбаев пен ауданның жаңа әкімі Мейрамбек Шермағанбетті құттықтап, қызметтеріне сәттілік тіледі.

Мейрамбек Зинабдинұлы 1972 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Тарих», «Экономика», Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетін «Құқықтану» мамандықтары бойынша бітірген, педагогика ғылымдарының кандида-

ты. Еңбек жолын 1994 жылы Жаңақорған ауданындағы

№239 мектептің тарих пәнінің мұғалімі болып бастаған. 2001-2016 жылдары Жаңақорған ауданы әкімі аппаратының басшысы, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары, облыстық білім беру, тілдерді дамыту жөніндегі басқармалардың басшысы, Қызылорда облысы бойынша білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы жауапты қызметтерін абыроймен атқарған. 2016-2021 жылдары Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімі, Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары кезінде тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуде білікті, тәжірибелі басшы екенін көрсетті. 2022-2023 жылдары Қызылорда облысының білім басқармасының басшысы лауазымында қызмет етті.

2023 жылдың шілде айынан бері Қызылорда облысы әкімінің орынбасары ретінде денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, білім, спорт және туризм салаларын өркендетуге, аймақтың әлеуметтік әлеуетін жетілдіруге зор үлес қосты.

**Қызылорда облысы
әкімінің баспасөз
қызметі**

ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕР ДАЙЫНДАҒАН БАПКЕР

Қазалының атын облыс, республика, әлемге танытып жүрген Құлбаев Бақытбек Жұмабекұлы туралы жазуды көптен бері ойлап жүргенмін. Бақытбекті қай кезде іздесең де үнемі алыс-жақын шетелдерде жарыста немесе шәкірттерімен оқу жаттығу жиынында жүргенінен хабар аласың. Деседе «Сабақты ине сәтімен» дегендей, жаңа жыл қарсаңында Бақытбек Жұмабекұлымен кездесудің сәті түсті.

Әңгімені әріден бастайын. Өзім қатарлы бұл азаматтың есімін ширек ғасырдан бері білемін. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары алдыңғы толқын ағалар бастап кеткен жолмен аудандағы боксшылардың атын республикаға ғана емес, әлемге танытып жүрген Қазалының Құлбаевы қалай мақтасақ та жарасады.

Құлбаев Бақытбек Жұмабекұлы 1980 жылы дүниеге келді. Әкесі Жұмабек Құлбаев күрес бапкері, Қазалы қаласындағы №18 балаларға арналған спорт мектебінің директоры қызметін атқарған ардагер спортшы. Қазақстанның қазақша күрестен екі дүркін чемпионы. Алматыдағы физкультура институтында оқып жүргенде грек-рим, қазақша, самбо, дзюдомен күресімен айналысып, жетістіктерге жеткен белгілі спортшы.

Бақытбекті 8 жасынан боксқа баулыған әкесі Жұмабек Құлбаевтың еңбегі зор. Одан кейін белгілі бапкер, марқұм Тарғын Нұралиевтың қарамағында жаттықты.

1995 жылы В.Счастнов атындағы №16 мектептің 9 сыныбын бітірген Бақытбек Алматыдағы Қажымұқан Мұнайпасов атындағы олимпиадалық үміткерлер дайындайтын мектеп - интернатына қабылданып, спорттық жарыстарға қатыса бастады. Түрлі турнирлерден жүлдемен оралып, бокстан Қазақстанның спорт шеберіне үміткер атанды.

1997 жылы Қажымұқан Мұнайпасов атындағы олимпиадалық үміткерлер дайындайтын мектеп - интернатын бітіріп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенті атанды. Университет қабырғасында жүргенде студенттер арасындағы түрлі спорттық спартакиадалар мен жарыстарға үздіксіз қатысып, оқу орнының намысын қорғады. Жасөспірімдер арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңімпаз атанса, жастар арасындағы ҚР чемпионаттарының,



халықаралық турнирлерінің жеңімпаз, жүлдегері. Жарақат алуына байланысты ересектер арасында өнер көрсете алмаса да, өзі жетпеген биікке самғаған ұстаз.

Университетті аяқтаған соң туған жеріне оралып, еңбек жолын спорт мектебінде жаттықтырушы болып бастады. Еңбектен қол үзбей жүріп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетін тәмамдады.

21 жасында бапкер атанған Бақытбек «Өзім бағындыра алмаған олимпиада шыңын шәкірттерім бағындырсын» деген ұстаныммен шәкірт тәрбиелеп, қазақ деген ұлтты әлемге таныту, қазақтың көкбайрағын әлемдік аренада желбіретуді мақсат тұтты. Оның дәлелі алғашқы шәкірттерінің бірі – Еркін Дүйсенбаев жастар арасында бокстан Қазақстан Республикасы чемпионатының, Азия чемпионатының жеңімпазы. 2010 жылы Иран мемлекетінде өткен додада спорт шебері атанды.

Баққожа Инаятұллаев спорт шебері, ҚР чемпионатының жасөспірімдер арасындағы және Ақтау қаласында өткен ересектер арасындағы халықаралық турнирдің чемпионы.

Ал айтулы шәкірті Марина Ивановна Вольнова Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген спорт шебері, әйелдер арасында 2009, 2010, 2012, 2013, 2014 жылдардағы ҚР чемпионатының жеңімпазы. 2010 жылы Астанада өткен додада Азия чемпионы атанды. 2010 жылы Барбадоста өткен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері. 2012 жылы Лондонда өткен Жазғы олимпиада ойындарының қола жүлдегері. 2014 жылы Инчхон қаласында өткен Азия ойындарының қола жүлдегері. 2021 жылы Дубайда өткен Азия чемпионатының қола

жүлдегері.

Марина Вольнова 2012 жылы Лондон Олимпиадасында тұңғыш рет қыздар арасында бокстан қола жүлдегер атанғанда, бапкер Бақытбектің қуанышында шек болған жоқ. Өйткені бұл бапкердің қаншама жылғы еңбегі, төккен терінің жемісі еді. Олимпиада жүлдегерін дайындағаны үшін Бақытбек Құлбаевқа «Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген бокс жаттықтырушысы» атағы берілді. Ал шәкірті Марина Вольнова «Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген спорт шебері» атағын иеленді. Кейін Марина Вольноваға «Қазалы ауданының құрметті азаматы» атағы беріліп, салтанатты түрде табысталды.

Бақытбек Жұмабекұлының тағы бір шәкірті Ержан Гүлсая халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Әйелдер арасында 2022 жылы Иорданияда өткен Азия чемпионатының күміс жүлдегері. 2023 жылы Тайландта өткен додада Азия чемпионы. 2023 жылғы ҚР жазғы спартакиадасының жеңімпазы.

Бақытжан Ақерке спорт шебері. 2018 жылы әйелдер арасында Астанада өткен ҚР чемпионатының, 2019 жылы Шымкент қаласында өткен ҚР спартакиадасының чемпионы. 2018 жылы Индияда өткен әлем чемпионатының бесінші орын иегері. 2019 жылы Улан-уде қаласында өткен әлем чемпионатында бесінші орын алған.

Оңдаш Аида спорт шебері. 2016 жылы Шымкент қаласында өткен жастар арасындағы ҚР чемпионатының чемпионы. 2018 жылы Астанада өткен ҚР чемпионатының күміс жүлдегері, ҚР спартакиадасының қола жүлдегері. 2018 жылы Индияда өткен әлем чемпионатының қатысушысы.

Келімбет Дәметкен спорт шебері. 2018, 2019, 2020 жылдары әйелдер арасындағы ҚР чемпионаттарының жүлдегері. 2019 жылы Атырау қаласында өткен халықаралық турнирдің жеңімпазы. 2020 жылы Иорданияда өткен Олимпиада ойындарының лицензиялық турниріне қатысушы.

Оңталапов Ерхан спорт шебері. 2023 жылы Орал қаласында өткен жастар арасындағы ҚР чемпионатының жеңімпазы.

Әлиева Таңшолпан спорт шебері. 2019 жылы әйелдер арасындағы ҚР жазғы спартакиадасының қола жүлдегері.

Болат Ақбота спорт шебері. 2023 жылы Ақтау қаласында өткен әйелдер арасындағы жазғы универсиада чемпионы. 2023 жылы Петропавл қаласында әйелдер арасында өткен ҚР жазғы спартакиадасының қола жүлдегері.

Бақытжанқызы Арайлым спорт шеберлігіне кандидат. 2019 жылы Монғолияда өткен жастар арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері.

Бақытбек Құлбаев ширек ғасырға жуық уақыттан бері жаттықтырушы қызметін атқарып келеді. Республикаға танымал бапкер жаттықтырушылықтан басқа да қызметке шақыртулар жиі алып тұрса да, өзінің қалаған жұмысымен айналысқанды жақсы көреді. «Жарыстар мен чемпионаттарға апарған балаларыма әділ баға беріліп, алатын орны әділ болса, маған одан асқан бақыт та қуаныш та жоқ!» - дейді Бақытбек.

Бақытбек бокстан әйелдер құрамасының Қызылорда облысы бойынша аға жаттықтырушысы.

Жаңа жыл қарсаңында ақжолтай хабар жетті. Бақытбек Құлбаевтың баптаған шәкірттері: қазалылық боксшы Гүлсая Ержан «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атанса, Ақбота Болат «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атанды.

«Алдыңа ұлы мақсат қойсаң, ұлылыққа жетерсің» дегендей дайындаған шәкірттері бапкер есімін биіктете түскен.

Бақытбек Жұмабекұлының өмірі әріптестеріне де, шәкірттеріне де үлгі. Ол ауданымыздың мақтанышы.

Бабың мен бағың қатар келіп, еліміздің көкбайрағын шәкірттерің желбіретсе берсін, Бақытбек Жұмабекұлы!

Шарбану БАЕКЕЕВА,
«Тұран-Қазалы»

«АЙНАЛАЙЫН!» ДЕУШІ ЕДІ, АСЫЛ ӘЖЕМ

Осы бір сөз ойыма орала береді. Олай дейтінім, бүгінде қариялық жаста болсақта кейінге көз жіберіп, өткен шақтар көз алдында көрініс береді.

Әкелеріміз төрт ағайынды. Ата-әжелеріміз ертерек марқұм болған, көзін көрмегенбіз. Содан болса керек үлкені Санай көкеміздің қосағы Қадиша Қосыбайқызын өзінен кейінгі үш інісінің балаларына «әже» деп атауға үйреткен болса керек. Әйтпесе, үлкен анамыз ғой.

Әжеміз өз балаларынан бөлек үш қайнысының ұрпағына да ерекше мейірім-шапағатын төкті. Әкелеріміздің анасындай болып (жеңгесі болса да) «Айналайын!» деген сөзін көп естейтінбіз. Бала күнде білмейді екенбіз ғой сөз қадірін. Әйтпесе ең ұлы да, асыл сөз екен. Әңгімеге арқау етіп отырған әжеміз қайныларын өзінің бауырларындай сыйлаған. Ал, келіндеріне еншісін алып шыққанша, өзінің ақыл-кеңесін беріп, туған сіңілілеріндей көріп аналық мейірімін көрсеткен абзал ана.

Таусылмайтын үй тіршілігімен қатар қаншама балаға әжеміз жылы сөзімен, қамқор қолын созған екен. Біздің балаларымызға да (немерелері ғой) дүниеден өткенге дейін кеңпейілдігін көрсетіп нағыз әже болды.

Шынында да, қарапайым өмірде біреуге жылы сөз айтсаң немесе өзіңе туыс-бауыр болсын, тіпті танымайтын бейта-

ныс жан болсын жылы сөз айтса, жаның жадырап, ерекше бір сезімге бөленесің. Үлкен әсерде боласың, бұл да болса, сол «жылы сөздің» құдіреті.

Қазіргі күні жетпістің жалыны жармассақта әжеміздің бір ғана «Айналайын» деген сөзін сағынышпен әрдайым еске алып отырамын. Айналайын! Қандай жақсы сөз, қандай жанға жайлы сөз. Бұл сөздің біз үшін түп-төркіні қайдан шыққаны жұмбақ. Алайда, жорамал бойынша: Біздің халықтың әдет-ғұрпында өлім халінде жатқан аяулы адамның жаны қалар ма екен –деп, оның етжақындары бозқасқа жетектеп үйді жеті айналып, бозқасқаны шалып, садақа-құрбан ететін ырым бар көрінеді. Сондықтан да осы бір «айналайын» сөзінің арғы тегі бәлкім, содан шығып, өңделі келіп (жаңа) мағынаға ауысты ма? Қалай десек те әйтеуір адам жанына жақын сөз. «Айналайынға» жақындау айым, алтыным, қарағым, қалқам, ботам, құлыным, тағы басқа сөздер бар. Біздің өзге өңірде айтылмайтын «ақұдайымыз» сол «Айналайынмен» пара-пар қолданыстағы сөз. Қанша жерден мағыналары жақын сөз десек те «айналайынды» ауыстыра алмайтын сияқты.

Ілгеріректе, әжеміз өмірден өткен соң қабірі басындағы құлпытасқа қосымша тақта-белгі қойдым. Онда «Асыл әже! Сіздің «Айналайыныңызбен!» адам

болдық делінген. Бұлда осы бір қасиетті сөзден туындаған сағыныштың құдіреті болса керек.

Баяғыда Төле би бабамыз жаугершілік өткен заманда бір жасар баланы тауып алып, оны бір келініне әкеліпті.

«Бір жылдан кейін алармын, өз балаңа қалай қарасаң, бұл балаға да солай қара» деген екен. Бір жылдан кейін баланы алуға келсе келінінің өз баласы топ-томпақ, қалдырған баласы ап-арық көрінеді. Сонда ыңғайсызданған келіні: «Ата екі баланы бірдей еміздім. Сүтімді тең бөліп бердім. Бірақ неге олай болғанын түсінбей отырмын» дейді. Сонда Төле би атамыз: «Балаға ең алдымен сүт емес, ананың мейірімі керек. Сол мейірімді өз балаңа төккенсің, ал бұл балаға сондай мейірім жетіспей қалған» деген екен.

Біз білетін мейірімге толы «айналайын» тұла бойға жылу беріп, адам жанын аялайтын сөз. Біз білетін «айналайын» ананың баласына етжүрегі елжіреп айтатын сөзі. Бұл бұрын бала мен бауырға ата-әженің, әке-ананың, аға-апаның айтатын көп қолданыстағы сөзі еді. Кейінгі кезде көп айтыла бермейтін сияқты.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары болса керек. Жастардың бәрі әскерге баратын кезең. Отан алдындағы міндетті борышын өтеп келген әскери формадағы баласын



қарсы алған анасы: «Өзіңнің айналайын, көзіңнен айналайын, басыңнан айналайын, шашыңнан айналайын»-деп аймалап жатса, қуақылау бір қайнысы: шинелінен ше?»-десе керек. Сонда анамыз: «Шинелінен де айналайын!» деген екен.

Бұл күнде біз қарттық жасқа келдік. Бізге «айналайын» айтатын үлкендер азайды. Өзімізден кішілерге бізде «айналайын» деп айтқымыз келеді. Өйткені, бала кезімізде үлкендерден осы бір сөзді жиі естуші едік. Сөз қадірін түсінетін үлкендер, өзімізден кейінгі жас буынға асыл сөзіміз «Айналайынымызды» айтуды азайтып алмайықшы ағайын!

Қазыбай САНИЯЗОВ,
Қазалы қаласы

ӘКЕМДІ ҮЛГІ ТҰТАМЫН



Мен кәсіби актерлер отбасында дүниеге келдім. Ата-анам Әбдірасул, Ұлжан Ахметовтар 1978 жылы Алматы қаласындағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театры жанындағы актерлер дайындайтын студияны бітіріп, Қызылорда қаласындағы Нартай Бекежанов атындағы облыстық драма театрында актер бо-

лып қызмет атқарған. 1982 жылы отбасылық жағдайына байланысты Әйтеке би кентіне көшіп келіп, аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1994 жылы әкем аудандық мәдениет бөлімінің бастығы болды. Сол жылдары ауданның ұлт-аспаптық ансамбльдері мен жекелеген өнерпаздары республикалық байқаулар мен фестивальдеріне қатысып жүлделі орындарды иеленді. Әкем ауданда «Тамаша» ойын-сауық отауын ұйымдастырып, өзі рөлдерде ойнады.

Әбдірасул Ахметов 2002 жылдың маусым айында кенеттен қайтыс болды. Ол кезде мен мектепте

оқып жүрген болатынмын. Мектептегі түрлі өнер сайысына қатысып жүргендіктен арманым актер болу екенін әкеме айтып та үлгермедім. Мектеп бітіргесін Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясына оқуға түстім.

Әкем арамызда жоқ болса да, артындағы ұрпақтары өмірден өз орнын тапты. Әкем мен анам екі ұл мен қызды тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Мейірбек жоғары білімді маман, қызы Баласа жоғары білімді ағылшын тілінің мұғалімі.

Менің айтпағым аудан орталығындағы көшелердің біріне Әбдірасул Ахметовтың есімі берілсе деймін.

Нұрлыбек ӘБДІРАСУЛҰЛЫ,
Астана қаласындағы «Жастар» театрының актері

САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗДІ ДӘРІПТЕЙІК

Салт-дәстүр – әрбір халықтың сана-сезімі мен тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылымдарының ерекшеліктеріне қарай ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа тарап келе жатқан әдет-ғұрыптардың жиынтығы.

Әр ұлттың салт-дәстүріне қарай ерекше ұстанымдары бар. Біз оны көбіне музыка мәдениетінен, қол өнерінен, тұрмысынан байқауымызға болады. Қандай халық болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін білдіреді.

Салт-дәстүр әр халықта ежелден бері сақталып рухани заңдылық ретінде қалыптасқан. Адамдар осы заңдылыққа бағынып, оны құрметтеген. Ал оны сыйламаған, ұстанбаған адамдарды сол заң негізінде жазалап отырған. Салт-дәстүрдің халық арасында тәлім-тәрбиелік мәні өте зор. Халқымызда ұл мен қыздың тәрбиесіне, сәлем беру мәдениетіне, қонақжайлылыққа, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған салт-дәстүрлер

бар. Оның қалыптасып, сақталуы халықтың мәдениеттілігін көрсетеді. Атадан балаға жалғасып, дамып отырған салт-дәстүр адамның рухани іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Сондай-ақ қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Бірақ қазіргі дамыған қоғамда ол салт-дәстүрді бірі білсе, бірі білмеуі мүмкін. Себебі, қазіргі кезде жастардың батыс елдеріне еліктеуі мен жаңашыл әдет – ғұрыптардың пайда болуы үлкен әсерін тигізіп жатыр. Сонымен қатар, салт-дәстүрді көбісі ырыммен шатыстырып жатады. Ал, ырым тек арнайы тыйымдар үшін қолданылған.

Бұл ұстанымдарды отбасында, мектепте, көпшілік ортада жастарға жеткізіп, дәріптеп жүрсе болашақта естен шығармасы анық. Ата – бабаларымыздан қалған әдет-ғұрыпты біліп, үйрену және өмірде қолдана білу – бізді адастырмайтын бір жол десек артық болмас.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

• Пікір

МИНИСТРЛІК ҚҰРЫЛДЫ, ҮМІТ КҮТЕМІЗ

Мынау өмірде сусыз еш нәрсе істей алмайсың. Себебі, су тіршілік көзі. Онсыз өмір сүру мүмкін емес. Кеңес өкіметі кезінде Қазалы ауданында су жүйесі тиімді пайдаланылды. Қазақстан егемендік алған кезден бастап ауыл шаруашылығы күйзеліске ұшырай бастады. Су ағатын арналар қараусыз қалды. Мүлікке төлейтін төлем ақша болмауы себепті біраз су арналарын есептен шығарып (баланс) жеңілдікті қолдан жасап алды. Қараусыз қалған су арналарын лай шөгінді басып, су мөлшері жобадағыдан азайып қиындық туғызып отыр. Тегістелген жерлердің біраз бөлігі пайдаға аспай, сортаң басып істен шығып қалуда. Гидроқондырғылар иесіз қалғандықтан, талан-таражға түсіп қолды болуда. Суару жүйесіндегі басқарма бұрынғыдай мемлекеттік емес, кәсіпкерлік бөлімше. Яғни, Қызылорда облысындағы табиғатты қорғау және экология, су қоры комитетінің филиалына қарасты.

Қазіргі кезде су жүйесін басқарып отырған мекемеде маман тапшы. Шаруашылыққа берілетін судың шамасын анықтайтын гидрометрлер жоқтың қасы. Сол себептен шаруашылық басшысымен арада үнемі дау болып тұрады. Мамандар аудан көлеміндегі бұрыннан бар су жүйесін жетік біле бермейді. Су жүйесін жетік білмеуі басқарудың осал тұстарына әкеледі. Осының салдарынан аудан көлеміндегі көптеген көлдер тартылып құрғап қалып жатыр. Бұның аудан экономикасына кері әсері бар. Яғни, мал шаруашылығына, балық шаруашылығына үлкен кедергі. Осы мәселе алдағы уақыттарда жаңадан құрылған «Су ресурстары және ирригация» министрлігі арқылы шешіледі деп үміттенемін.

Әбдірасулла ЖҰБАНБАЕВ,
Инженер -гидротехник, Қазақстанның құрметті су шаруашылығы ардагері

ТҮЛЕКТЕР МЕКТЕПКЕ 50 КІТАП СЫЙЛАДЫ

Қазіргі таңда оқушылар арасында кітап оқуды жолға қою керек. Бұл басты міндет. Заманның ағымына қарай технологиямен техника дамыған заманда смартфонға телміріп қарау әдетке айналды. Бұл әлеуметтік желінің әлеміне еніп рухани жан дүниеміздің мешел болуына алып келеді. Сондықтан харекет етіп, тиісінше кітап оқу қарқынын үдету қажет.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында оқушыларымыз кітап оқуды қалтарыста қалдырған емес. Ақысына ақыл сұрамайтын кітаптың пай-

дасы көп екенін ескеріп, баланың кітап оқуға деген қызығушылығын оятуда ата-аналарымыз ықпал жасап келеді.

"Адамды адам еткен кітап, адамзат еткен кітапхана", – деп ғұлама жазушы Ә.Кекілбаев айтқандай №276 орта мектебіміздің 2021 жылғы түлеп ұшқан түлектері мектеп кітапханасына 50 кітапты сыйға тартты.

Шарада мектеп түлектері: Ақалмасқызы Зейнеп, Жұбаназаров Мейіржан, Жанахмет Әсіма, Әділхан Нұргүл, Қыдырбай Нұрболсын, Шынболат Жансая, Зинат-

дин Бақдәулет, мектеп директоры Жұмашов Мейрамбек сөз сөйлеп, мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастауымен "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханаларын қажетті кітаптармен толықтыру көзделіп отырғандығын атап айтты.

Сондай-ақ, мектепке кітап сыйлаған шәкірттерге ұстаздар мен оқушылар алғысын білдірді.

Мектеп түлектері мектепке Шерхан Мұртазаның, Міржақып Дулатұлының, тағы басқада белгілі қазақ және шетелдік жазушылардың шығармаларын сыйға тартты.

Іс-шараға мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Әймішова, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Құлымбетов қатысып, оқушыларды кітап оқуға шақырды.

Г.ӘЙМІШОВА

МҰҚАҒАЛИ МӘҢГІЛІК ЖҮРЕКТЕРДЕ...

Жырыменен жүректерді тербеген,

Жан жарасын талайлардың емдеген.

Мөрі болған жиырмасыншы ғасырдың,

Мұқағали сынды ақындар кемде-кем.

Иә, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев көзі тірі болғанда 93 жасқа толар еді. Алайда ақын ғұмыры қысқа болды. Десе де небәрі 45 жаста артына баға жетпес мұра қалдырды. Бүгінде Мұқағалидың поэзиясы қазақ аспанынан асып, әлемді шарлады. Оның өлеңдерін жатқа білмейтін қазақ жоқ. Ал өлеңдеріне ән жазбаған композитор кемде-кем. Мұқағали бүкіл жүректе ән болып қалықтап, жыр болып төгілді.

М.Мақатаевтың замандас-достары ақынның по-

эзиясын жоғары бағалаған. Солардың бірі лирик ақын Тұманбай Молдағалиев: «Қазақ жырының аспанындағы аз ғана жұлдыздардың арасынан сенің жұлдызыңды біз оңай таңушы едік. Сенің жұлдызың — ең шұғылалы, ең мейірімді жұлдыз» -дейді ақын жайлы өз естелігінде. Осындай поэзия патшалығындағы ең сәулелі жұлдыз саналған һәм алты Алаштың баласы ардақ тұтқан мұзбалақ ақынға арналған сазды кеш Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде болып өтті.

Колледж кітапханашысы Сансызбай Алтынгүл Айнабекқызының ұйымдастыруымен өткен ақиық ақынның «Мен, сірә, өлмейтін шығармын» атты әдеби-сазды кешке 1-3 курс студенттері

қатысып, ақын рухына тағзым етті. Жаңаберген Мадияр, Сырлыбаева Насихат, Жаңаберген Әділет, Серікхан Назерке, Есқара Ислам, Бекбергенқызы Нұрай ақын өлеңдерін мәнерлеп оқыса, Жұмабекова Аяулым өзінің әсем дауысымен ақынның сөзіне жазылған «Бақыт деген», «Есіңе мені алғайсың» әндерін әуелете шырқады. 22-2 топ студенті Кеңесбай Ақниет ақиық ақынға арнаған төл туындысын көрерменге тарту етті. Домбыраны жанына серік еткен 23-1 топ студенттері Менлаев Рауан мен Теңізбай Ермбет «Тойбастар», «Ақсақ киік» күйлерін шебер орындады. Мың бұрала билеген биші қыздарымыз қазақ биімен кештің көркін келтірді.

Кеш қонақтары №16 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті

пәні мұғалімі, М. Мақатаев мұрасының жанашыры, білікті ұстаз Жауғашарова Гүлбарам ақынның өлеңдерінен үзінді оқыды. №16 мектеп-лицейдің 4-сынып оқушысы Өмірбек Ақдидар әннен шашу шашып, көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Шараны қортындылаған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Баекеева Шәрбану Толыбайқызы Мұқағалидың өлеңін оқып, ақынның шығармашылығын тілге тиек етті. Сондай-ақ, шараға қатысып, өнерлерін көрсеткен студент-жастарға колледж директоры А.Мусаевтың «Алғыс хатын» табыс етті.

Алтынгүл САНСЫЗБАЙ,
Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің кітапханашысы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.